

**1-Слайд (бастанқы бет)**

**Құрметті Сергей Александрович!  
Құрметті депутаттар!**

**2-слайд**

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі өз қызметін мынадай үш стратегиялық бағыт бойынша жүзеге асырады:

- 1) Тұрғын үй құрылысын дамыту
- 2) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында мемлекеттік реттеуді жетілдіру
- 3) Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту және дамыту

**3-слайд**

2011 жылы Агенттік Мемлекет басшысы мен Үкіметтің алға қойған міндеттерін іске асыруды қамтамасыз етті.

Өткен жылы құрылыс жұмыстарының көлемі 2 трлн. 082 млрд. теңгеден астам болды. Үкіметтің тапсырмасына сәйкес құрылыс жұмыстарының нақты көлемінің индексі 2010 жылмен салыстырғанда 102,7% қамтамасыз етілді. Өткен жылы 6,5 млн. шаршы метр тұрғын үй іске қосылды.

**4-слайд**

**Үлестік құрылысты** қолдау үшін 2007 жылдан бастап 461,3 млрд. теңге бөлінді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде 428 объектінің құрылысы аяқталды, бұл 62.700 үлескердің құқығын қорғауға мүмкіндік берді.

2012 жылы құрылысы аяқталмаған 26 объекті салынып бітеді, соның нәтижесінде 5 мыңдай үлескердің құқығы қорғалады.

#### 5-слайд

Стратегиялық жоспарға сәйкес 2011 жылы 25 бюджеттік бағдарлама, оның ішінде 14 ағымдағы бағдарлама және 11 даму бағдарламасы орындалды.

Агенттіктің бюджеті 304 млрд. 362 млн. теңгені құрайды, оның 99,97% игерілді.

2012 жылы Агенттіктің шығыстарына бекітілген бюджетке сәйкес 25 бюджеттік бағдарлама бойынша 238,9 млрд. теңге қарастырылған, *оның ішінде: 14 ағымдағы бағдарлама бойынша – 25,3 млрд. теңге; 11 даму бағдарламасы бойынша - 213,6 млрд. теңге.*

2011 жылы Агенттікке орындауға Елбасының 10 тапсырмасы түсті. Оның жетеуі орындалды, үш тапсырма орындалып жатыр. Біздің Агенттік 1 Заңның, 1 Президент Жарлығының, 30 Үкімет қаулысының және 2 Премьер-Министр өкімінің жобаларын белгіленген тәртіпте әзірледі. Бұлардың бәрі 2011 жылы қабылданды.

#### 6-слайд

Агенттікке 2011 жылы азаматтардан және ұйымдардан **974** өтініш түсті. Барлық өтініш қаралды.

*2010 жылмен салыстырғанда өтініш саны 20%-ға өсті.*

*Мәселенің сипатына байланысты өтініштерді былайша бөлуге болады:*

- 87% немесе 851 өтініш тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылығы бойынша;
- 7% – лицензиялау және қызметтің түріне құқық беру;
- 3% – мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет;
- Басқа да сұрақтар – 3%.

Өткен екі жыл ішінде Агенттік төрағасының блог-тұғырнамасына Интернет пайдаланушылардан **2361** сұрақ түсті.

#### 7-слайд

Сұрақтардың көпшілігі салалық бағдарламалар шеңберінде Агенттік жүзеге асырып жатқан іс-шараларға қатысты.

Өткен жылы Үкімет маңызды үш бағдарлама қабылдады, олар құрылыста және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта жүйелі қайта құруларды қамтамасыз етуге тиіс.

Бұлар – Тұрғын үй құрылысы бағдарламасы, Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту бағдарламасы және «Ақ бұлақ» бағдарламасы.

#### 8-слайд

Тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асырудың нәтижелерін қысқаша айтуға рұқсат етіңіздер.

2011 жылы қаржыландырудың барлық көздері бойынша тұрғын үй құрылысына 417,1 млрд. теңге жұмсалды немесе бұл 2010 жылмен салыстырғанда 119,2% болады.

6,5 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді немесе өткен жылмен салыстырғанда 101,9%. Тұрғын үйді іске қосудың жалпы көлеміндегі 55% жеке тұрғын үй құрылысына тиесілі немесе 3,6 млн. шаршы метр, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 13% артық.

*Тұрғын үй бағдарламасының шеңберінде мемлекеттік тұрғын үйді іске қосу жөніндегі негізгі көрсеткіштер:*

- **кредиттік тұрғын үй бойынша** тұрғын үй құрылыс жинақтар жүйесі арқылы жылдық жоспарға 118%,
- **жалға берілетін тұрғын үй бойынша** – 101,4%.

#### 9-слайд

Қолданыстағы бағдарламада тұрғын үй құрылысын мемлекеттік қолдаудың 4 бағыты белгіленген:

1) жергілікті атқарушы органдардың және тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесінің қатысуымен тұрғын үй салу және сату.

2) жалға берілетін тұрғын үй салу.

3) құрылысты қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерді қорландыру.

4) Инженерлік коммуникациялар салу.

Екінші деңгейдегі банктерді қорландыру деген үшінші

бағытты қоспағанда, Бағдарламада көзделген іс-шаралар орындалып жатыр.

2011 жылы осы мақсаттарға 57 млрд. теңге бөлінді. Алайда банктер осы қаражатың 2,4 млрд. теңгесін немесе 4%-ын ғана пайдаланды. Барлығы 6 млрд. теңге сомасына өтінім түсті.

Осы жағдайды ескере отырып, біз коммерциялық банктерден өтінім қабылдауды тоқтатуды ұсынамыз. Сонымен бірге жергілікті атқарушы органдардың және тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесінің қатысуымен тұрғын үй салу және сату деген бірінші бағыт бойынша мерзімді ұзарту үшін қалған 51 млрд. теңге сомасындағы қаражатты пайдалану қажет.

#### 10-слайд

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «2020 жылға дейінгі қолжетімді тұрғын үй» бағдарламасының жобасы әзірленіп жатыр.

Атап айтқанда, мынадай бағыттар бойынша тұрғын үй құрылысының көлемін өсіру және қолжетімдігін қамтамасыз ету ұсынылады:

1. Жергілікті атқарушы органдарының тұрғын үй салуы, оны Тұрғынүйқұрылысжинақбанкi арқылы сатуы
2. Кезекте тұрғандар үшін жалға берілетін тұрғын үй салу

3. Тұрғынүйқұрылысжинақбанкі арқылы жас отбасылар үшін сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй салу

4. «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-тың жалға берілетін тұрғын үй салуы

5. Жеке тұрғын үй құрылысы,

6. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу

Жалпы Бағдарлама құрылыс көлемінің біртіндеп артуына, тұрғын үйге қолжетімділікті арттыру үшін қолайлы жағдай жасауға, елімізде экономикалық белсенділіктің артуына және қосымша жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді.

#### *11-слайд*

Алдын ала жүргізілген есеп бойынша «Қолжетімді тұрғын үй» бағдарламасы үшін ресурстарға орташа жылдық қажеттілік **244 млрд. теңгені** құрайды.

Соның ішінен 155 млрд. теңге мемлекеттік тұрғын үй салуға, 75 млрд. теңге – инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салуға, 14 млрд. теңге – Тұрғынүйқұрылысжинақбанкін қорландыруға жұмсалады.

#### *12-слайд*

«Қолжетімді тұрғын үй» бағдарламасы бойынша мемлекеттік қолдау шараларын орындаудың нәтижесінде тұрғын үйдің мынадай көлемдеріне қол жеткіземіз:

- 2012 жылы – 450 мың шаршы метр,
- 2013 жылы – 820 мың шаршы метр;
- 2014 жылы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында айтылған 1 млн. шаршы метр;
- 2015-2020 жылдары жыл сайын 1,3 млн. шаршы метр.

Өкінішке орай, регламент осы тақырыпқа толық тоқталуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан, мен баяндамадан кейін «Қолжетімді тұрғын үй» бағдарламасының барлық бағыттары бойынша депутаттардың бүкіл сұрақтарына жауап беруге дайынмын.

#### **13-слайд**

### **Құрметті депутаттар!**

2011 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы бекітілді.

2011 жылы тұрғын үй секторында 284 км жылумен, электрмен және газбен жабдықтау желілері жаңғыртылды, республикалық бюджеттен 7 млрд. теңге қаражат бөлінді, 43 жоба іске асырылды.

2012 жылға әкімдіктер 12,2 млрд. теңге сомасындағы 67 жобаны ұсынып отыр.

«Ақ бұлақ» салалық бағдарламасының шеңберінде өткен жылы 54,7 млрд. теңгеге 103 қалалық сумен жабдықтау және су бұру жобасы, 28,7 млрд. теңгеге 257 ауылдық сумен жабдықтау жобасы іске асырылды. Қалалық елді мекендерде 714 км су құбыры желісі және 60 км кәріз желісі салынды және қайта жаңартылды.

2012 жылы жалпы сомасы 43,3 млрд. теңге болатын 102 қалалық сумен жабдықтау және су бұру жобасын, сондай-ақ жалпы сомасы 33,9 млрд. теңге болатын 151 ауылдық сумен жабдықтау және су бұру жобасын іске асыру жоспарланып отыр.

«Ақ бұлақ» бағдарламасын іске асырудағы проблемалық мәселелердің бірі жер асты су қорларының расталмауы. 2013-2015 жылдары су құбыры желілерін салу және жаңғырту жөніндегі дайын басым жобаларға тапшылық туғызуы мүмкін.

Сондықтан, Агенттік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп мынадай қосымша шаралар қабылдау үшін ұсыныстар әзірлеу қажет деп санайды:

- 1) жер асты суларын уақытында растау, барлау және қайта бағалау;

2) су құбыры және кәріз желілерін салуға және қайта жаңартуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша қаржыландыруды арттыру;

3) су шаруашылығы кәсіпорындарын қалпына келтіру.

-----

Мемлекет басшысы атап көрсеткен тағы да бір маңызды мәселе, бұл қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату, қоқысты бөлек жинау жүйесін енгізу.

Агенттік бүгінгі күні Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту бағдарламасына өзгерістер енгізу үшін қатты тұрмыстық қалдықтар секторын дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеп жатыр. Ағымдағы жылы 8 облыс орталығында қалдықтарды басқару саласында техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуге кірісеміз.

Маңғыстау облысының әкімдігі Еуропалық Қайта құру және даму банкімен «пилоттық» жоба ретінде бірлесіп халықаралық стандарттарға сәйкес келетін Ақтау қаласында қалдықтарды басқару жөніндегі жобаны іске асырып жатыр.

#### 15-слайд

Тұрғын үй секторындағы көп пәтерлі тұрғын үйлерді жөндеу қайтарымды негізде бюджеттік қаражаттың есебінен жүргізіледі.

Өткен жылы 373 үй жөнделді, оның алаңы 1,5 млн. шаршы метрді құрайды.

Үйлерді жөндеудің схемасына азаматтардың басым көпшілігі қолдау көрсетті. Бағдарламаға қатысу үшін тұрғындардың саны өсуде.

2012 жылы үйлерді жөндеудің осы тетігіне қатысуға бір мыңнан артық үйдің тұрғындары ниет білдірді.

Көп пәтерлі үйлерді жөндеудің жаңа тетіктерін енгізуде қателіктер болды.

Жұмысты ұйымдастырған кезде Агенттік әзірлеген іс-қимыл алгоритмі бұзылды. Атап айтқанда, әкімдіктер халықпен жұмыс жүргізбей, тиісті шарттар жасаспай жөндеу жұмыстарын бастаған.

Осындай жағдай Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстарында орын алған.

Мұның бәрі тұрғындар тарапынан түсінбеушілікті және наразылықты тудырады. Енді осындай қателіктер жібермеуге тырысу қажет. Ал әкімдіктер тұрғындармен жұмыстарды жандандыруы қажет.

Мемлекет басшысы пәтер меншік иелері тұрғын үйді басқаруға өздері қатысып, осы бағдарламадан нақты пайда көруге тиіс деп атап көрсетті.

#### 16-слайд

### Құрметті депутаттар!

Үкіметтің тапсырмасы бойынша құрылыс саласында техникалық реттеу жүйесін реформалау жүргізіліп жатыр.

Сонымен бірге, Кеден одағына қатысушы елдер құрылыстағы нормалау жүйесін еуропалық жүйеге көшіру туралы келісілген шешім қабылдады.

2011 жылы Агенттік Қазақстанның аумағында Еурокодтарды қолдануға Еуропалық стандарттау комитетінен ресми рұқсат алды.

2011 жылғы 1 шілдеден бастап құрылыс нормалары ерікті түрде қолдану үшін қолданысқа енгізілді және 2015 жылға дейінгі өтпелі кезеңде қазақстандық нормативтермен қатар қолданылады.

#### 17-слайд

«**Doing Business**» рейтингін жақсарту үшін әкімшілік кедергілерді жою және кәсіпкерлер үшін бизнес-климатты жақсарту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

2012 жылдың 30 қаңтарында «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» және «Лицензиялау туралы» Заңдарға өзгерістер күшіне енді.

Заңдарға сәйкес лицензиялау **3 санаты енгізілді.**

**Бірінші санат** ерекше күрделі объектілердегі, сондай-ақ 2, 3 санаттағы объектілердегі жұмыстарды орындауға құқық береді. Кемінде 10 жыл жұмыс тәжірибесі қажет.

**Екінші санат** күрделілігі орташа объектілердегі, сондай-ақ 3 санаттағы объектілердегі жұмыстарды орындауға құқық береді. Кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі қажет.

**Үшінші санат** – бұл базалық деңгей, жұмыс тәжірибесін талап етпейді, күрделі емес объектілерде жұмыс жүргізуді қарастырады.

**Сарапшыларды аттестаттау енгізілді.** Енді авторлық және техникалық қадағалау жүргізетін, жобаларды сараптайтын және ғимараттарға техникалық тексеру жүргізетін барлық жеке тұлғалар-сарапшыларға, сондай-ақ мемлекеттік құрылыс инспекторларына аттестация жүргізіледі.

Аттестация жүргізу құрылыс процесінен біліктілігі жоқ мамандарды шығарып тастауға және әрбір сарапшының дербес жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

2012 жылы құрылыс саласындағы бақылау және қадағалау жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі іс-шаралар жоспарланған.

**Реформаның басты міндеті** – құрылыстың сапасын арттыру, міндетін адал орындайтын құрылыс салушылар мен жобалаушылар үшін қолайлы жағдай жасау және оларды ынталандыру.

#### 18-слайд

Мемлекет басшысының электрондық үкіметті дамыту жөніндегі талабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын және мемлекеттік қала құрылысы кадастрын әзірлеу еліміз үшін маңызды және өзекті болып отыр.

Олар қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды пайдаланып әзірленген, сондықтан олар Үкімет, мемлекеттік органдар мен басқа да пайдаланушылар үшін мемлекетті басқарудың тиімді жұмыс құралы болуға тиіс.

Жобалау сатысында осы құралдарды пайдалану «біздің аумақты дамытудың болжамды схемасын қайталамау үшін барлық облыстарда цемент зауыттарын салу қажет емес, біз қайда не салуды білуіміз қажет» деп Мемлекеттік басшысы айтқан қателіктерді болдырмауға мүмкіндік береді.

2012 жылы республикалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастры үшін мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу аяқталатын болады.

Сонымен бірге, Кадастрды жүргізуі жөніндегі мемлекеттік функцияны мамандандырылған мемлекеттік кәсіпорынға беру бойынша ұсыныс әзірленді.

#### *19-слайд*

Құрылыс саласын техникалық реттеу жүйесін реформалау баға белгілеу жүйесін жетілдірумен қоса жүргізіледі, осы жүйеде құрылыстың құнын ресурстық есептеу әдісіне көшіру көзделген.

Жаңа сметалық-нормативтік база әзірлеу және оны құрылыстың ағымдағы бағасына енгізу құрылысқа бағаның анықтығын қамтамасыз етеді, инвестициялық-құрылыс циклының жалпы ұзақтығын қысқартуға мүмкіндік береді.

Жаңа сметалық баға белгілеу жүйесін енгізу үшін экономикалық жағынан дамыған елдердің тәжірибесі бойынша ағымдағы бағаға мониторинг жүргізетін өңірлік орталықтар құру мәселесін шешу қажет.

Сонымен бірге, баға белгілеу жөнінде ведомствоаралық комиссия құру арқылы бағаларды жедел қараудың және бекітудің тәртібін әзірлеу қажет.

#### *1-Слайд (басқы бет)*

**Құрметті Сергей Александрович!**

**Құрметті депутаттар!**

Мен өзімнің есебімде Агенттіктің 2011 жылғы жұмысының негізгі нәтижелерін баяндадым, кейбір мәселелер баяндамада айтылмай қалды, барлық үлестірме материалдарда қызметтің барлық бағыттары бойынша деректер көрсетілген.

Сөзімнің соңында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарына құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелеріне, біздің Агенттік іске асырып жатқан маңызды мемлекеттік бағдарламаларға көңіл бөлгені үшін шынайы алғыс білдіргім келеді!

**Назарларыңызға рахмет!**